

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Азаттыққа жол салған Алаш ардақтысы»

Формат: әдеби музыкалық кеш

Өткізілген уақыты: 11 желтоқсан

Сыныбы: 5-10 сыныптар

Мақсаты: Қазақ әдебиетінің классигі, Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығын таныстыру;

Жастарға ұлттық рух, елдік сана, білімнің маңызын насихаттау;

Ақын шығармалары арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Алаш арысы, ұлт күрескері, әдебиетіміздің жарық жұлдызы Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына арналған «Азаттыққа жол салған Алаш ардақтысы» атты әдеби музыкалық кеш өткізілді. Кешті 10 сынып оқушысы Алтай Айзада «Ыңғайтөк» күйімен ашты. Міржақып Дулатұлының өмірі мен шығармашылығы туралы «Өмір жолы – ел жолы» атты видеоролик көрсетілді. «Поэзия минуттары» бойынша 8 сынып оқушысы Жанболқызы Ақнұр «Оян, қазақ!», 5 сынып оқушысы Нұрболқызы Әдемі «Жас қазақтар, қайдасың?», 5 сынып оқушысы Төлеген Әлихан «Шешемнің балаларын сүйюі», 7 сынып оқушысы Таубай Асылай «Шәкірт», 7 сынып оқушысы Рахатқызы Алтынай «Пасық байларға», 7 сынып оқушысы Мақсот Нұршуақ «Жастарға», 6 сынып оқушысы Нұрлыбекқызы Еркеназ «Оянба қазақ» өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. «Алаш арыстары» атты бес арыс қойылымы қойылды. Рөлдерде Міржақып Дулатұлын 8 сынып оқушысы Айболатұлы Тамерлан, Ахмет Байтұрсыновты 8 сынып оқушысы Нұркенұлы Нұрислам, Шәкәрім Құдайбердіұлын 7 сынып оқушысы Болатұлы Бекетай, Жүсіпбек Аймауытовты 8 сынып оқушысы Фазыл Әділжан, Мағжан Жұмабаевты 8 сынып оқушысы Бошан Мерей сомдап шықты. «Міржақыпты қаншалықты білесің?» атты әдеби викторина бөлімі бойынша оқушыларға сұрақтар қойылды және Міржақып Дулатұлының шығармаларынан көрме жасақталып таныстырылды. Әдеби кеш Айтқали Көркемнің орындауындағы «Тәуелсіз елдің қызымын» әнімен аяқталды. Кешті қорытындылау үшін мектебіміздің қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі Құмарова Құралай апайға сөз кезегі беріліп, кештен алған әсері туралы ой бөлісті.

<https://www.instagram.com/reel/DSHvOQhjF8t/?igsh=d284MjJrZXZncHFv>

